

Критерийлері бар тендер тәсілімен Деректерді өңдеу орталықтары (ДӨО) (Алматы қаласы) жобалары бойынша техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) сатып алу бойынша тендер талаптары

1. Сатып алынатын жұмыстардың атауы, олардың саны және сатып алуға бөлінген сома тендер шарттарына 1-қосымшада көрсетілген.

2. Сатып алынатын жұмыстарға техникалық ерекше нұсқама тендер шарттарына 2-қосымшада көрсетілген.

3. Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау критерийлері және олардың маңыздылығы тендер шарттарына 3-қосымшада көрсетілген.

4. Жұмыстарды сатып алу туралы шарттың жобасы бар талаптарды көрсете отырып, тендер талаптарына 4-қосымшада көрсетілген.

5. Жұмыстарды орындау орны сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекше нұсқамасында көрсетілген.

Жұмыстарды орындаудың талап етілетін мерзімдері жұмыстарды сатып алу туралы шарттың жобасында көрсетілген.

6. Тендерлік өтінімдерді ұсыну және ресімдеу тәртібі Қағидалардың 4-параграфында көзделген. Тендерлік өтінім әлеуетті жеткізушіні басшысының не ол уәкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сатып алу порталында оны ұсынудың тендер өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген түпкілікті мерзімі өткенге дейін ұсынылады.

Тендерлік өтінім сатып алу порталында автоматты түрде тіркеледі және сатып алу порталы тендерлік өтінім берген әлеуетті жеткізушіге хабарламаны автоматты түрде жіберген сәттен бастап қабылданған болып есептеледі.

Сатып алу үшін бөлінген соманың 1 (бір) пайызы мөлшерінде тендерге қатысуға тендерлік өтінімді қамтамасыз ету Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде немесе электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі түрінде енгізіледі.

Электрондық әмиянға орналастырылған ақша түріндегі тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді енгізу және қайтару тәртібі Қағидалардың 1-1-тарауында көзделген. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін енгізіледі. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етпейтін барлық тендерлік өтінімдерді тендерлік комиссия Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін ретінде қабылдамайды.

7. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі **2025 жылғы «02» қыркүйекті қоса алғанда, 9 сағат 00 минутқа** дейін.

8. Тендерлік өтінімдерді ашуды тендерлік комиссияның хатшысы тендерді өткізу туралы хабарландыруда сатып алуды ұйымдастырушы көрсеткен күн мен уақытта сатып алу порталында жүргізеді.

9. Тендердің шарттарын түсіндіру қажет болған кезде әлеуетті жеткізушілер сатып алуды ұйымдастырушыға сатып алу порталы арқылы, бірақ **2025 жылғы «28» тамызда 9 сағат 00 минуттан кешіктірмей** жүгінеді.

10. Сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сатып алу порталында тендер шарттарын түсіндірудің мәтінін жариялайды: www.zakup.nationalbank.kz.

11. Сатып алуды ұйымдастырушы **2025 жылғы «30» тамызда 09 сағат 00 минуттан кешіктірілмейтін** мерзімде өз бастамасы бойынша немесе әлеуетті өнім берушінің сұрау салуына жауап ретінде тендердің талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Тендер шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тендер

шарттарына енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін сатып алу порталында орналастырады: www.zakup.nationalbank.kz.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік 5 (бес) күнге ұзартылады.

12. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші тауарды сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелер арқылы расталатын құжаттарды қоспағанда, Қағидалардың 50 және (немесе) 53-тармақтарында көзделген әлеуетті жеткізуші басшысының не ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.

Әлеуетті Жеткізушінің тендерлік өтінімі Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ресімделуге тиіс.

13. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінім құрамында жобалау қызметін жүзеге асыруға арналған ІІ санаттан төмен емес мемлекеттік лицензияның электрондық көшірмесін қоса беруге тиіс.

13.1. Қала құрылысын жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, тарихи құрылыс аудандарын қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау, оның ішінде мыналарды әзірлеу:

1) құрылыс салу жүйесінде жылу энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді жылумен жабдықтау схемаларын;

2) ауызсу және (немесе) техникалық су көздерін орналастыра отырып және су ағызарлардың трассаларын жасау отырып, елді мекендерді сумен жабдықтау схемалары, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасатын өндірістік кешендерді сумен жабдықтау схемаларын;

5) тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларын жинау мен ағызудың орталықтандырылған жүйесі, бас тазартқыш құрылыстарды, сарқынды суларды буландырғыштар мен қайта генерациялау объектілерін орналастыруды қоса алғанда, елді мекендер мен өндірістік кешендердің кәріздік схемаларын;

6) қонысаралық аумақтарда орналасатын елді мекендер мен өндірістік кешендерді газбен жабдықтау схемаларын;

3) құрылыс салу жүйесінде электр энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді электрмен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасатын өндірістік кешендерді электрмен жабдықтау схемаларын;

4) инфрақұрылым объектілері мен ақпарат көздерін орналастыра отырып, елді мекендер үшін телекоммуникация және байланыс схемаларын;

13.2. Ғимараттар мен құрылыстар үшін сәулеттік жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, сәулеттік-реставрациялау жұмыстары үшін жобалау құқығымен), оның ішінде:

объектілердің бас жоспарларын, аумақтың инженерлік дайындығын, жер бедерін көркейтуді және ұйымдастыруды жобалау;

13.3. Құрылыстық жобалау (ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу және (немесе) реконструкциялау үшін жобалау, сондай-ақ төменде аталған жұмыстардың әрқайсысы үшін конструкцияларды нығайту құқығымен) және конструкциялау, оның ішінде:

1) негіздер мен іргетастарды жобалау;

2) бетон және темірбетон, тас және арматуратас конструкцияларды жобалау;

3) металл (болат, алюминий және қорытпалардан жасалған) конструкцияларды жобалау.

13.4. Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау, оның ішінде:

1) ішкі жылыту жүйелерін (электрмен жылытуды қоса алғанда), желдетуді, кондиционерлеуді, салқын ауамен жабдықтауды, газдандыруды (төмен қысымды газбен жабдықтауды), сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерді жобалау;

2) су құбыры (ыстық және суық су) мен ішкі кәріз жүйелерін, сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерді жобалау;

3) тогы әлсіз құрылғылардың (телефондандырудың, өрттен қорғау дабыл құралының) ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың сыртқы желілерін жобалау;

4) ішкі және сыртқы электрмен жарықтандыру, 0,4 кВ-ға дейін және 10 кВ-ға дейін электрмен жабдықтау жүйелерін жобалау;

5) 35 кВ дейін, 110 кВ дейін және одан жоғары электрмен жабдықтауды жобалау;

6) магистральдық мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары, газ құбырлары (орташа және жоғары қысымды газбен жабдықтау).

14. Көлік инфрақұрылымы, байланыс және коммуникация объектілерін технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу), оның ішінде:

1) жергілікті байланыс, радио-, телекоммуникация желілері;

2) жалпыреспубликалық және халықаралық байланыс (спутниктік байланысты қоса алғанда) желілері және өзге де телекоммуникация түрлері;

Тендер талаптарына 1-Қосымша

Деректерді өңдеу орталықтарының (ДӨО)(Алматы қаласы) жобалары бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу бойынша жұмыстарды сатып алу жөніндегі тендер

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Сатып алуға бөлінген сома (теңге, ҚҚС-сыз)
Деректерді өңдеу орталықтарының (ДӨО) жобалары бойынша техникалық-экономикалық негіздеме	Жұмыс	1	146 250 000 теңге 00 тиын (жүз қырық алты миллион екі жүз елу мың теңге 00 тиын)

Техникалық ерекше нұсқама

1. Сатып алу мәні: техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі - ТЭН) жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау:

- № 1 Жоба: «Алматы қаласындағы «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру» «Алатау» ықшам ауданы «ИТП» АЭА;
- №2 Жоба: «Алматы қ., Райымбек даңғылы, 511 «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру»

2. Мазмұны мен техникалық сипаттамалары бойынша негізгі талаптар осы техникалық ерекше нұсқамаға №1 «Жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеуге арналған тапсырма» қосымшасында көрсетілген.

3. Әлеуетті жеткізуші мамандарына қойылатын талаптар.

Әлеуетті Жеткізуші Жұмыс көрсету үшін сертификаттары мен жұмыс тәжірибесі бар мынадай мамандарды тартуы тиіс:

- Uptime Institute: Accredited Tier Designer (ATD) сертификаты бар кемінде бір маманның;

- «Data Center Design Awareness» (DCDA) DCProfessionalDevelopment сертификаты бар кемінде бір маманның;

- Uptime Institute: Accredited Operations Specialist (AOS) сертификаты бар кемінде бір маманның;

- RICS (Royal Institute of Chartered Surveyors) сертификаты бар кемінде бір маманның;

- IPMA немесе одан жоғары және/немесе PMI PMP сертификаты бар Certified Project Manager IPMA Level C сертификаты бар кемінде бір жоба басшысының;

- Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінім құрамында мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) әлеуетті жеткізушінің кепілдік хаты:

- АТС техникалық ерекше нұсқаманың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін мәлімделген мамандарды тартады;

- жұмыстарды орындау кезеңінде сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда жұмыстарды орындау кезеңін қамтитын сертификаттың қолданылу мерзімі бар мәлімделген маманға жаңа сертификат алуды не тиісті сертификаты бар маманды ауыстыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді / кепілдік береді;

- егер Жұмыстарды орындау барысында Жұмыстарды орындау процесіне қатысатын қызметкерлерді ауыстыруды талап ететін, соның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша объективті мән-жайлар туындаса, Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жұмыстарды орындауға техникалық ерекше

нұсқаманың 3-тармағында көзделген біліктіліктен төмен емес мамандарды ауыстырады және тартады;

2) техникалық ерекше нұсқаманың 3-тармағында көрсетілген мамандардың біліктілігін растайтын сертификаттардың, сондай-ақ әлеуетті жеткізуші шет тілінде сертификат ұсынған жағдайда сертификаттар мәтінінің орыс және (немесе) қазақ тіліне нотариалды куәландырылған аудармасының көшірмелері;

5. ТЭН әзірлеу жөніндегі жұмыстың нәтижелері ҚР белгіленген стандарттарына сәйкес ресімделуге және Тапсырыс берушіге әрбір объект бойынша жеке-жеке толық көлемде берілуге тиіс.

6. Құжаттаманы ресімдеу.

1) ТЭН ҚР ҚН талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс 1.02-04-2022 және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттарын;

2) құжат әрбір объект бойынша барлық міндетті бөлімдерді қамтуы тиіс, соның ішінде:

- Тақырып парағы, мазмұны, қысқартулар мен анықтамалар тізімі;
- Ағымдағы жағдайды талдау және жобаның негіздемесі;
- Жобалау шешімдерінің сипаттамасы, эскиздері (сәулет, инженерлік-техникалық, технологиялық);
- Қаржы-экономикалық талдау (CAPEX, OPEX, NPV, IRR);
- Қоршаған ортаға әсерді бағалау есебі (ҚОӘБ);
- Тәуекелдерді талдау және оларды азайту жолдары;
- Жол таңдау актілері (ТОБЖ қоса алғанда, инженерлік коммуникация үшін);
- Зерттеу материалдары, фото есептер;
- Техникалық шарттар мен келісімдер (егер қажет болса);
- Сараптаманың оң қорытындысы;
- Есептеу;
- ЖСҚ әзірлеуге тапсырма;
- ТЭН-ге басқа да қосымшалар мен құжаттар.

3) барлық есептеулер мен талдамалық есептеулер бастапқы деректерді, қабылданған шешімдердің әдіснамасы мен негіздемесін көрсете отырып орындалуы тиіс.

6. Жұмыс нәтижелерін беру.

1) Баспа нұсқалары (hard copy):

- Мердігердің қолымен және мөрімен расталған, тығыз мұқабасы бар қатты мұқабалы қағаз тасығыштағы үш дана;
- Берілген құжаттар тізімі бар ілеспе хат.

2) электрондық нұсқалар (soft copy):

- Docx (MS Word) және PDF (өңделетін соңғы нұсқасы) форматтарындағы ТЭН-нің толық мәтіні;
- ТЭН мәтіндік құжаттары (MS Word, PDF) мазмұны, навигация гиперсілтемелері және толық мәтінді іздеу мүмкіндігі бар құрылымдалуы тиіс;

- Барлық есептеулер XLSX (MS Excel) және KENML (ABC-4) форматтарында берілуі керек;
- Сызбалар мен схемалар DWG (AutoCAD), VSDX (MS Visio) және PDF форматтарында берілуі керек;
- Dwg (AutoCAD) форматындағы сызбалар қабаттар бойынша құрылымдалуы, парақтар бойынша бөлінуі, пішімі мен масштабы мөртабанда көрсетілуі тиіс;
- құжаттар Тапсырыс берушіге физикалық тасымалдағышта беріледі
- жұмыстарды келісу және қабылдау.
- Тапсырыс беруші берілген материалдарды 10 жұмыс күні ішінде қарайды; Ескерту болған жағдайда мердігер 5 жұмыс күні ішінде түзетулер енгізеді;
- Жұмыстардың түпкілікті қабылдануы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің)актісімен расталады;

8. Жұмыстарды орындау мерзімі.

Техникалық-экономикалық негіздемені (ТЭН) әзірлеу әрбір объектілерге жеке-жеке мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаманың ТЭН-на оң қорытындының өтуін және алынуын ескере отырып, шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 180 күн мерзімде орындалуы тиіс. Жұмыстар жоспар-кестеге сәйкес әрбір объектіге жеке-жеке жүзеге асырылады:

Жұмыстарды орындаудың жоспар-кестесі				Ай						Аяқтау нысаны
	Кезең	Жұмыстардың мазмұны	Жауапкершілік	1	2	3	4	5	6	
	Техникалық талаптарды алу (ТТ)	Инженерлік желілерге ТТ-ды сұрау және алу	Әлеуетті жеткізуші (Тапсырыс берушінің сенімхаты арқылы)							инженерлік желілерге ТТ
	Инженерлік ізденістер	Топотүсірілім, геология, учаске жағдайларын талдау	Әлеуетті жеткізуші (Тапсырыс берушінің сенімхаты арқылы)							1:200, 1:1000 масштабта түсірілім
	Эскиздік жобан	Бас жоспар, сәулет шешімдер	Әлеуетті жеткізуші							Эскиздік жоба

Жұмыстарды орындаудың жоспар-кестесі				Ай						Аяқтау нысаны
	Кезең	Жұмыстардың мазмұны	Жауапкершілік	1	2	3	4	5	6	
	ы әзірлеу	і (көлемі, жоспары)								
	Қаржылық-экономикалық талдау		Әлеуетті жеткізуші							ФЭО
	Экологиялық бағалау	ҚОӘБ туралы есеп, әсерді азайту шаралары	Әлеуетті жеткізуші							ҚОӘБ туралы есеп
	Мемлекеттік сараптаманың ТЭН-на оң қорытынды алу	ТЭН-ге оң қорытынды epsd.kz	Тапсырыс беруші Әлеуетті жеткізуші	—						Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы
	Орындалған жұмыстарды Тапсырыс берушіге беру	Қабылдау-өткізу актісі	Тапсырыс беруші Әлеуетті жеткізуші	—						Орындалған жұмыстар актілері

Тендер талаптарына
3-Қосымша

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау критерийлері және олардың

маңыздылығының шамалары

№ п/п	Бағалау критериялары	Маңыздылық шамасы
1.	Ең төменгі баға ұсынысы	60
2.	1 Тұрақсыздық критерийі 1 Инвестициялық модельді және қолданылған талдау құралдарын пысықтау тереңдігін көрсететін қаржылық-экономикалық критерийлер бойынша тест тапсырмасын бағалау. Критерийге сәйкестігін растау үшін Орындаушы келесі компоненттерді ұсынуы керек: 1. ТЭН форматында .ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 501 бұйрығымен бекітілген құрылым бойынша «Алатау» ИТП аумағында ДӨО салу үшін docx форматында ТЭН. 2. Форматтағы қаржылық модель .xlsx или .xlsm белсенді формулалармен қабылданған әдістемелік тәсілдерді ескере отырып, логикалық және мөлдір құрылымда құрылуы керек. Формулалар, есептеу логикасы, ұяшықтар арасындағы сілтемелер сақталуы және жасырылмауы керек. Қаржы моделінде негіздемесі бар барлық пайдаланылатын жорамалдар, CAPEX, OPEX, WACC есептеулері, қаржылық есептіліктің болжамды нысандары, базалық нұсқаның есептеулері, АЭА аумағында орналастыру жобасына әсері, сезімталдықты талдау, сценарийлік талдау, ықтималдық модельдеу қамтылуға тиіс. 3. Форматтағы түсіндірме жазба .docx негізгі нәтижелерді , сондай-ақ негізгі көрсеткіштерді түсіндіруді, сценарийлік талдау нәтижелерін талдауды, сезімталдықты талдауды, ықтималдық модельдеу нәтижелерін сипаттауды және қорытындыларды қамтуы керек. <i>Ескерту:</i> 30 балл - тест тапсырмасында сұралған талдаудың барлық компоненттері болған жағдайда 30 - тест тапсырмасын бағалаудың тұрақсыз критерийі үшін белгіленген маңыздылықтың максималды мәні. Тест тапсырмасында көрсетілген талдаудың барлық компоненттері болған және дұрыс болған кезде 30 балл, талдау компоненттерінің кез келгені болмаған немесе сұратылған деректер дұрыс болмаған жағдайда 0 балл қойылады.	30
3.	2 Тұрақсыздық критерийі Расталған жобалар саны (өтінімге рұқсат беру үшін ең аз саны, екі жоба). Деректер орталығының ТЭН-ін әзірлеуге, құрылыс, жарақтандыру және/немесе жаңғырту бойынша жобаларды жобалауға және/немесе іске асыруға қатысудың расталған тәжірибесі (серверлік үй-жайлар, телекоммуникациялық тораптар, есептеу орталықтары немесе қуаты кемінде 0,5 МВт ІТ - инфрақұрылымы бар басқа да объектілер): - шарттардың көшірмелері;	10

	- Орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің актілері; - Тапсырыс берушілердің немесе Серіктестердің ұсыным хаттары. <i>Ескерту:</i> 10 балл - расталған жобалардың ең көп саны $B_i = 10$ балл критерийін растаудың болуы / 0 балл критерийін растаудың болмауы қайда, B_i - әлеуетті жеткізушінің есептелген ұпайлары. 10-жұмыс тәжірибесінің құнсыз критерийі үшін белгіленген маңыздылықтың максималды мәні. Критерийге сәйкестікті растайтын құжаттар болған кезде 10 балл, критерийге сәйкестікті растау болмаған жағдайда 0 балл қойылады.	
	Барлығы	100

1) Консорциум қатысқан, сондай-ақ қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, негізгі қатысушы ретінде әрекет ететін әлеуетті жеткізушіге құндық емес критерийлер қолданылатын болады;

2) Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізуші ұсынған ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады. Тексерілген ақпарат сәйкес келмеген жағдайда бағалаудың тиісті критерийі әлеуетті жеткізушінің өтініміне қолданылмайды.

3) Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізуші ұсынған ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады. Тексерілген ақпарат арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда әлеуетті жеткізуші өтініміне тиісті бағалау критерийі қолданылмайды.

№DDC/____-3/____ ШАРТ
(Тапсырыс беруші нөмері)(Орындаушы нөмері)

2025 жылғы «__» ____
(Тапсырыс берушінің тіркеу күні)

Алматы қ., «Алатау» ауданы «ИТП» АЭА
«Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру:
Алматы қ., Райымбек даңғылы 511»
«Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру:
жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу
бойынша жұмыстарды сатып алу туралы

Алматы қ

2025 жылғы «__» ____
(Орындаушының тіркеу күні)

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» акционерлік қоғамы бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталады, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____ арқылы, бір жағынан Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, _____ бұдан әрі **«Орындаушы»** деп аталады, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____ арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп **«Тараптар»** деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оның ведомстволарының оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) _____ және _____ тәсілімен Алматы қ., «Алатау» ауданы «ИТП» АЭА **«Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру: Алматы қ., «Алатау» шағын ауданы «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру: Алматы қ., Райымбек даңғылы 511» жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу бойынша жұмыстарды сатып алудың қорытындысы туралы _____ хаттамаға сәйкес төмендегілер жайында Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.**

ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

- 1) ТЭН – техникалық-экономикалық негіздеме;
- 2) ДӨО – Деректерді өңдеу орталығы;

- 3) Техникалық ерекше нұсқама - олардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын қоса алғанда, сатып алынатын жұмыстарға қойылатын талаптарды толық сипаттайтын құжат (№1 Қосымша);
- 4) Ақаулар - орындалған жұмыстардағы кемшіліктер, сәйкессіздіктер, кемшіліктер, кателер;
- 5) мемлекеттік нормативтер (мемлекеттік нормативтік құжаттар) – адамның өмір сүруі мен тіршілік етуінің қолайлы, қауіпсіз және басқа да қажетті жағдайларын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер, қала құрылысы және техникалық регламенттер, нормативтік-техникалық құжаттар, өзге де міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер жүйесі;
- 6) сараптама - ұсынылған ТЭН мен тиісті оң қорытындыны талдауды қамтитын жобаны іске асырудың экономикалық орындылығы мен тиімділігін бағалау процесі;
- 7) сараптама жасау ұйымы – «Жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы» РМК, сондай-ақ оның филиалдары;
- 8) ПИР есептеулері - ТЭН әзірлеу жұмыстарының құнын айқындау, сондай-ақ инженерлік іздестірулер жүргізу

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

1.1. Тапсырыс беруші ҚР Ұлттық Банкінің Сатып алу порталында жобалардың ТЭН-ін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуға қатысуға шақыруды орналастырды: Алматы қ., «Алатау» ауданы «ИТП» АЭА «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру: Алматы қ., «Алатау» ауданы «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру: Алматы қ., Райымбек даңғылы 511» жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу бойынша жұмыстарды ҚҚС сомасын есепке алмағанда _____ теңге (_____ теңге _____ тиын), сомасына Орындаушының ұсынысын қабылдадым.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және төлейді, ал Орындаушы жобалардың ТЭН-ін әзірлеу жөніндегі техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес: Алматы қ., «Алатау» ауданы «ИТП» АЭА «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру: Алматы қ., «Алатау» ауданы «Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру: Алматы қ., Райымбек даңғылы 511» жобаларының ТЭН әзірлеу бойынша жұмыстарды (№1-Қосымша) және жұмыстардың сметалық құны (№2-Қосымша), өндірістік жұмыстар кестесіне (№3-Қосымша) сәйкес мерзімде және осы Шартта көзделген талаптарда жұмыстарды орындауға міндеттеме алады.

1.3. Жұмыстарды орындау Шартқа техникалық ерекше нұсқаманың (№1-Қосымша) негізінде жүзеге асырылады;

1.4.Орындалған жұмыстардың актілері, жобалары, эскиздері бойынша жұмыстарды кезең-кезеңімен қабылдау ТЭН ҚР 1.02-04-2022 ҚН және Қазақстан Республикасының басқада қолданыстағы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс.

1.5.1. Орындаушы Шарт бойынша өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындайды.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың Жалпы құны ҚҚС есебімен №2-Қосымшада көрсетілген. Шарттың Жалпы сомасы жұмыстарды орындауға байланысты Орындаушының барлық шығыстарын және сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымына ақы төлеуді, оның ішінде сақтандыруды, салықтарды, баждарды және ҚР заңнамасына сәйкес өзге де төлемдерді төлеуді қамтиды.

Шарттың Жалпы сомасы Шарт бойынша нақты орындалған жұмыстарға, сондай-ақ ПИР есебінің жүргізілген сараптамасының нәтижелеріне байланысты азаюы немесе ұлғаюы мүмкін. Бұл ретте Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейді. ПИР есебін сараптау нәтижелері бойынша жұмыс құнының ұлғаюы кезінде №2-Қосымшаларда көрсетілген сома түпкілікті құн болып табылады. Құны азайған кезде Шарт бойынша төленуге жататын нақты сома Шартта көзделген, орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша және сараптамадан өткеннен кейін ПИР есептеулері бойынша Тараптар қол қоятын тиісті актілерде көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші Шарттың 17 - бөлімінде көрсетілген Орындаушының банктік шотына Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі - Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және Орындаушы электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) порталындағы электрондық шот фактураларды ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

2.3. Жұмыс құнының негіздемесі Шарттың талаптарына және оған техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес ресімделеді.

2.4. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осындай төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.5. Факсимилді байланыспен және/немесе өзге де тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші болады және оларды кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдауға;
- 2) Техникалық ерекше нұсқама шеңберінде жіберілетін Орындаушы ұсынған құжаттарды (ұсыныстарды, сұрау салуларды) қарауға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді жүзеге асыруға;
- 4) Шарт талаптарына сәйкес орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға құқылы.

3.2. Тапсырыс беруші құқылы:

- 1) Орындаушыдан Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық, сапалы және уақтылы орындауын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 2) Орындаушыдан техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес жұмыстарды жүргізу кестесінде Тапсырыс беруші белгілеген толық көлемде және мерзімде жұмыстарды тиісінше орындауды талап етуге міндетті;
- 3) Орындаушыдан Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу жолымен Шартта белгіленген мерзімде Тапсырыс беруші анықтаған жұмыстардағы сәйкессіздіктерді, кемшіліктерді, кемшіліктерді, қателерді, ақауларды жоюды не ішінара немесе толық төлеуден бас тартуды және Орындаушыға дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауды талап етуге;
- 4) Шарт және техникалық ерекше нұсқама шеңберінде дұрыс ресімделмеген құжаттарды қайтаруға;
- 5) Орындаушыдан Шарт бойынша жұмыстардың орындалу барысы туралы ақпарат сұратуға;
- 6) жұмыстарды тиісінше орындамау нәтижесінде Орындаушы келтірген залалдың орнын толтыруды талап етуге;
- 7) техникалық ерекше нұсқама бойынша жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, орындалған жұмыстар Шарттың талаптарына сәйкес қабылдансын;
- 8) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде Шартты бұзуға немесе техникалық ерекше нұсқаманы біржақты тәртіппен жоюға;
- 9) Шарттың 3.3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Орындаушыдан хабарлама алған жағдайда, жағдайды және өз қалауы бойынша, Орындаушының кінәсінен туындамаған объективті себептер болған кезде бағалау, жұмыстарды жүргізу кестесіне өзгерістер енгізу арқылы Шарт бойынша орындау мерзімін ұзарту;
- 10) Шарттың осы тармағының 9) тармақшасында көзделген жағдайда Орындаушыдан растайтын құжаттарды талап етуге құқылы;

11) жұмыстардың кемшіліктеріне байланысты Тапсырыс берушіге үшінші тұлға қойған талап қою бойынша Орындаушыны іске қатысуға тартуға құқылы;

10) Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Шарт бұзылған жағдайда Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға міндетті.

3.3. Орындаушы міндеттенеді:

1) Тапсырыс берушіге бекітілген жұмыс жүргізу кестесінде көрсетілетін Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық ерекше нұсқама бойынша еңбек шығындарының есебін ұсынуға (№3 Қосымша);

2) бекітілген жұмыс жүргізу кестесінде көрсетілген мерзімде жұмыстарды орындауға кірісу (№3 Қосымша);

3) Шартта көзделген мерзімде және талаптарда тиісті сападағы жұмыстарды толық көлемде орындауға міндетті;

4) білікті мамандардың жұмыстарды орындауын қамтамасыз етуге міндетті;

5) Тапсырыс берушінің қарауына жұмыстың итерацияларын/сатылары мен кезеңдерін орындау туралы дәйекті ақпаратты, есептер мен құжаттарды ұсынуға міндетті;

6) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарда және/немесе жұмыстарды орындау процесінде бағдарламалық қорға тапсырылатын құжаттамада ақауларды анықтаған жағдайда және (немесе) кепілдік мерзімі кезеңінде ақауларды анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімде өз есебінен жоюға;

7) Шарт және оған техникалық ерекше нұсқама шеңберінде құжаттардың сапалы және дұрыс ресімделуін қамтамасыз етуге міндетті;

8) ТЭН ҚР 1.02-04-2022 ҚН талаптарына және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделуге тиіс;

9) Тапсырыс берушіге тапсырылатын құжаттаманың сапасына кепілдік беруге, сондай-ақ қағаз жеткізгіштегі құжаттаманың электрондық құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті. Құжаттар USB флэш-дискісінде USB флэш-дискісін Тапсырыс берушіге беру құқығымен беріледі;

10) жұмыстарды орындау кезінде үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және оларды бұзғаны үшін жауаптылықта болуға;

11) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған құпия және басқа ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға, сондай-ақ Шартқа №4-Қосымшаға сәйкес Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімге қол қоюға құқылы;

12) Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге;

13) егер жұмыстарды орындау кезеңінде Орындаушы Шарт бойынша жұмыстарды уақтылы орындауға кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Орындаушы Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

14) Шарт бойынша жұмыстарды орындауға тартылған адамдардың (Орындаушының қызметкерлерінің) №5-Қосымшаға сәйкес құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге қол қоюын қамтамасыз етуге, олардың түпнұсқаларын Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау басталғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын ұсынуға;

15) қызметкерлерді ауыстыру және(немесе) Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін мәлімделген жаңа тұлғаларды (Орындаушының қызметкерлерін) тарту қажеттілігі туындаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін тартылатын жұмыскерлер қол қойған құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелердің түпнұсқаларын (№5 қосымша) Тапсырыс берушіге ұсына отырып, Тапсырыс берушіні бұл туралы жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. оларды ауыстыру/тарту күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей.

16) ТЭН әзірлеуге арналған техникалық ерекше нұсқамада (№1-Қосымша) және Тапсырыс берушінің басқа да бастапқы деректерінде көрсетілген талаптарды сақтауға міндетті. Орындаушы олардан Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен ғана бас тартуға құқылы;

17) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 9-бөліміне сәйкес Шарттың Жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге;

18) Орындаушыға тәуелді емес мән-жайлар салдарынан жұмыстар бойынша бастапқы деректер өзгерген жағдайда Тапсырыс беруші тарапынан қосымша ақы төлемей Шарт бойынша жұмыстарды орындауға міндетті;

19) ТЭН сараптамасының теріс қорытындысын алған жағдайда сараптама талаптарына сәйкес келетін көлемде ТЭН-ге түзету жүргізсін, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің банктік шотына аудару жолымен 10 (он) жұмыс күні ішінде ТЭН-ге сараптама жүргізуге арналған шығындарды өтесін;

20) Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан ТЭН сараптамасының қайталама теріс қорытындысын алған жағдайда, Тапсырыс берушіге ТЭН қайта сараптамасын жүргізуге жұмсалған шығындарды Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің банктік шотына аудару жолымен 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге, сондай-ақ ТЭН қайта сараптамасын жүргізуге жұмсалатын шығындарды өтеуге, сондай-ақ Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапкершілік атқаруға;

21) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған құпия және басқа ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға міндетті;

22) Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық немесе ішінара бермеуге;

23) ТЭН-і үшінші тұлғаларға бермеуге және онда қамтылған деректерді Тапсырыс берушінің келісімінсіз жария етпеуге;

24) Тапсырыс берушімен бірге ТЭН-і тиісті уәкілетті органдармен келісуге қатысуға;

25) Шартты орындаудың кездейсоқ мүмкін тәуекелін көтеруге міндетті.

3.4. Орындаушы:

1) Техникалық ерекше нұсқамада көзделген жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға, бұл туралы Тапсырыс берушіні жұмыстар аяқталған күнге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етуге міндетті;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті ақпаратты оның қажеттілігін негіздей отырып, жазбаша сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес орындалған жұмыстар үшін ақы алуға **құқылы**.

4. ЖҰМЫСТАРДЫҢ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері Тапсырыс беруші бекіткен жұмыстарды жүргізу кестесімен айқындалады (№3 Қосымша), бірақ осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 180 күннен аспайды. Жұмыстарды жүргізу кестесін Тапсырыс беруші келіседі және Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде бекітеді. Жұмыстарды жүргізу кестесін Орындаушы техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес жасайды (№1 Қосымша).

4.2. Жұмыстарды орындауды бастау үшін Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Шарт немесе оларды Шартқа қол қойылғанға дейін шұғыл түрде орындау қажет болған жағдайда - Тапсырыс беруші Орындаушыға жіберген хат негіз болып табылады. Хатта Шарт туралы мәліметтер, орындалудың алдын-ала мерзімі және орындалатын жұмыстарға қойылатын талаптар көрсетілуі керек. Кейіннен хатта көзделген талаптар, оның ішінде жұмыстарды орындаудың соңғы мерзімдері Тапсырыс беруші қол қойған Шартта көрсетіледі.

4.3. Шарт бойынша жұмыстарды орындағаннан кейін Орындаушы Орындалған жұмыстардың актісін Тапсырыс берушіге қол қоюға жібереді.

4.4. Техникалық ерекше нұсқама бойынша орындалған жұмыстарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушы анықтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді.

4.5 Орындаушы анықталған ақаулар туралы хабарламада көрсетілген мерзімде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Бұл ретте, Орындаушының ақауларды жою жөніндегі жұмыстардың ұзақтығы Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімнің ауысуына әкеп соқпауы тиіс.

4.6. Техникалық ерекше нұсқама бойынша орындалған жұмыстарда ақаулар болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Орындаушы оларды

ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстар Актісіне қол қояды.

4.7. Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар Актісіне қол қойған күннен бастап жұмыстар Шарт бойынша тиісінше орындалды деп есептеледі.

5. КЕПІЛДІК

5.1. «Алматы қаласы «Алатау» «ИТП» АЭА шағын ауданын деректерді өңдеу орталығын (ДӨО), «ИТП» АЭА салу және жарақтандыру» және Алматы қ., Райымбек даңғылы, 511-дегі деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салу және жарақтандыру» жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі жұмыстарға кепілдік мерзімі Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 12 (он екі) айды құрайды.

